

16 қараша,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

ТАРЫШЫҒА ТАҒЫМ - ҰРПАҚҚА МІНДЕТ!

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІДЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ДАҒҚТЫ ДИҚАН ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВТІҢ 140 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР БАСТАЛДЫ. МЕРЕКЕЛІК ШАРАҒА АУДАНЫН ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАРЫ МЕН ШЫҒАНАҚТЫҢ ҰРПАҚТАРЫ КЕЛДІ.

Алдымен қонақтар Шығанақ Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейіне жиналып, арнаулы көрмелерді тамашалады. Одан кейін Шығанақтың ауылына ат басын тіреп, ата ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Аяқ астынан бұзылған ауа-райы Шығанақ атының кесенесіне баруға мүмкіндік берген жоқ. Қараталда ата аруағына арнап, құран бағышталып, ас берілді. Дастархан басында ел ағалары мен Шығанақ атының ұрпақтары диқананың ерен еңбегі мен адамгершілік қасиеттері туралы тағылымды өңгімелер айтты.

Түстен кейін қонақтар Шығанақ атының жүлдесі үшін ұйымдастырылған волейболдан аудандық біріншіліктің ашылу салтанатына қатысып, биыл көктемде пайдалануға берілген дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің жұмысымен танысты.



КӨКЖАРДЫҢ АСПАНЫН ЖЫР КЕРНЕГЕН КҮН

ЖУЫРДА АУДАНЫМЫЗДА ТӨУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ, ТАРЫ ЕГУДЕН ӘЛЕМДІК РЕКОРДТЫҢ АҚТАҒЕРІ, ДАҒҚТЫ ДИҚАН ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВТІҢ 140 ЖЫЛДЫҒЫ, ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ОБЛЫСТЫҚ ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСЫ ӨТТІ. ЖЫР БӘЙГЕСІНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙТЫСТАРҒА ҚАТЫСЫП, ШЫҢДАЛҒАН, ӨТКІР ТІЛДІ, СӨЗГЕ ШЕШЕН 8 АҚЫН СУЫРЫП САЛЫП, СӨЗ ЖАРЫСТЫ. КӨКЖАР КӨГІН ШАБЫТ КЕРНЕДІ... ДЕЛЕБЕСІ ҚОЗҒАН ЖҰРТТЫҢ ПАЙ-ПАЙЫ МЕН АЙХАЙЫ ЛЫҚСЫП ТӨГІЛДІ. КИЕЛІ ӨНЕРДІҢ АЙМАҚТА НАСИХАТТАЛУЫНА АУДАН ӨКІМДІГІ МҰРЫНДЫҚ БОЛДЫ.



Жыр маржанынан моншақ түзіп жүрген ақын Оралбай Көметияның мектебінен түлеп ұшқан айтыс мұзбалақтарының келесі буынына ойылдықтар дән риза болды. Қазылар алқасында жерлес айтыскер ақын, журналист, өнер зерттеушісі Нұрлыбек Қалауов, Қазақстан Республикасы мәдениет қайраткері, мәдениет саласының ардагері Амангелді Жұманов, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі, ақын-сазгер Орал-Қосай Байсеңгір, айтыскер ақын Марат Ахметов, бойына ақындық қасиет қонған «Nur Otan» партиясы, Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еркін Женалин сынды майталмандар болды.

Ғасырлардан бері халықпен біте қайнасқан айтыс шымылдығын ең жас ақын байғаниндік Нұрбол Жауынбаев пен ақтөбелік Самғар Орынбаев түрді. Төл өнерге сусап қалған қалың жұртшылық қос ақынға бірдей қошемет көрсетсе, ақындар сүбе сөздің маржанын суырып салып айтысты. Ойыл жұртшылығының қызу қошеметі, ақындардың шабытын аша түсті. Бір айта кетерлігі туған жерлерінен түлеп ұшып, бүгінгі айтысқа сонау Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келіп қатысқан ақындар да болды. Ойылдың тау тұлғалары мен тарихын, ел шежіресін тыңнан жырлап, сөзге арқау еткен ақындар сөз киесіне сүрінбей кесіле шалты.

Айтыстың келесі жұбы Айболат Көшкінбай мен Қайырхан Жұбаниязов көпті күлдіріп, айтыстың жарасымды үлгісін көрсетті. Бірін-бірі өзімен қағытып отырды. Домбырасын бірінші болып қолына алып сөз бастаған өйтекебилік ақын Қайырхан Жеңісбайұлы Ойыл жайында отты жырларын арнап,

«Ақ түйенің қарыны жарылған күн,
Жыр айтамын жүрегім
жарылғанша», -
деп ойын еркін жеткізіп отырды.
Ал, Айболат Ардақұлы ойдың

тұнығын, сөздің шымырын теріп айтып, қарсыласына ұтымды жауап таба білді.

Айтыстың үшінші жұбы болып сахна төріне ақтөбелік ақын Жәнібек Бейбітов пен Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келген темірлік ақын Нартай Тілеуқұл даңқты диқанды кеңінен ұлықтап, тарихқа терең бойлады. Қос ақын да «Сен тұр, мен атайын» дегендей, салмақты сөздің сүбесін суырып салып, сөзден сүрінбеді. Нартай ақын Жәнібекке «Екі рет екпе алып, екі ауыз сөз таба алмай отырмысың» - деген өлең жолдарына, Жәнібек ақын «Найза сұғып жатса да, датын айтқан, батыр туған бабаның ұрпағымын», - деп табан астында жауап қайырды. Осылайша бұл жұп төл өнерге шөлдеген көпшіліктің құлақ құрышын қандырды.

Айтыстың соңғы жұбы ақтөбелік Жұлдыз Қожабекова мен Нұр-Сұлтан қаласынан ат терлетіп жеткен Данияр Алдабергенов жеңге мен қайын іні арасындағы тамаша айтыс жасады. Данияр Нұрымжанұлы кіндік қаны тамған Ойыл топырағын сарыала сағынышты сазымен жырға бөлеп, қарсыласымен де қарқынды айтысып отырды. Ақтөбе облыстық мәслихат депутаты Жұлдыз Қожабекова жақында Ойыл аграрлық колледжіне ақтарының атасы Шығанақ Берсиевтің аты берілетіндігін үлкен қуанышпен жеткізді. Мұндай жақсы жаңалыққа жаршы болған ақын қызға Ойыл жұртшылығы дән риза болды. Екі жұптың арасында саясат жайында өлең жырлары өрбіп, Данияр жеңгенін басым түсті.

Киелі Көкжар төрінде төрт жұптан құралған сегіз ақын суырып салмалығымен бір-біріне дес бермеді. Барлығы да сөзге шешендігі мен ой ұшқырлығын көрсетті. Төл өнердің асыл қасиетін қоңыр домбыраның шанағына сыйғызып, тартысты айтысқан ақындардың өнеріне халық дән риза! Тіпті делебесі қозып, көрермен залынан «Шап!» , «Жібер!» ,

«Пах, шірік-ай!», деген қиқу қолдаулар ақындарға айрықша шабыт берді.

Ақтық бәсекеге төрт ақын іріктеліп шықты. Қазылардың шешімі көрермен ойымен қабысып, шын дүлдүлді анықтау оңайға соқпады. Алайда



сайыс болған соң сайыпқырандар сыңа түсуі тиіс. Сондықтан ақтық сыңа шыққан ақындар ақ қанат жырларын айтудан аянып қалмады. Жылдан жұртшылық «Осы қалай?» деген ақындарын ыстық қошеметпен қарсы алып, шапалақтарын аямады. Ақтық сында Нартай Тілеуқұл мен Қайырхан Жұбаниязов ақындық - өнердің ұлығы өкінін көрсете білді. Нартай Тілеуқұл жыр додасына үлкен дайындықпен келген. Қарсыласы Қайырхан «Шығанақ атамыз тұқымдылықтарың ірілерінен жиганындай», айтыс жасайық деп ұсыныс тастап отырды. Өйткені, «Шығанақ атамыз даңқың аспандауын емес, халқының аш қалмауын ойлап кеткен», - деп төбе құйқанды шымырларат есерлі сөздерімен басым түсіп, нағыз талант иесі екенін сахна төрінде сан мәрте дәлелдеп берді.

Сөз додасының ақтық кезеңіндегі келесі жұп ақтөбелік Жәнібек Бейбітов пен байғаниндік Нұрбол Жауынбаев шаппа-шап айтысты. Нұрбол Жауынбаев қарсыласына есе жіберіп алмауы үшін жалындаған жастықтың буымен Жәнібекті ашық айқасқа шақырды. Сондағы Жәнібек Бейбітовтың жауабы:

Е, бала сөйле қатты оқырыңбай,
Мен саған ойламаймын
қастық ұдай.
Қасқырда жолдасына
қас қылмайды,
Сақтасыншы ініме қас қылуды-ай.
Керісінше екеуіміз достасайық,
Бейгеде қатар шапқан
қос құлындай.
Достығымыз мәңгілік
болсын біздің,
Жолдыбай мен Нұрлыбектің
достығындай.

Рас, осы бір салмақты сөздерімен Жәнібектің жал-құйрығы жетілген жас ақындардың алдыңғы легінде көш бастап келе жатқандығын байқауға болады.

Терең ойды төбіреніп, ұйқасына ұйытқы қылып айтысқан ақындар құлақ қылды. Киелі Көкжар елі жайында айтылмаған сөз, арналмаған жыр қалмады десек артық айтқандық емес. Нәтижесінде Нұрсұлтан қаласынан келіп қатысқан Нартай Тілеуқұл шашасына шаң жұқтырмай, Ойылдың тарихын, Шығанақтың еңбегін ерекше жырлап айтыстың бас жүлдесін, яғни 500 мың теңгені жеңіп



алды. Ал, бірінші орын жас ақын, төгіле жырлаған екпіні қатты, айтыс өнеріне өбден төселіп қалған байғаниндік Нұрбол Жауынбаевқа бұйырды. Екінші орынды сүбелі сөзімен салмақты айтысып, өткір теңеулерімен төбірене толғаған ақтөбелік Жәнібек Бейбітов еншіледі. Үшінші орынды дүйім жұртшылықты домбырасының өуенімен баурап, серілігімен көзге түскен. Өйтекеби ауданының атынан шыққан Қайырхан Жұбаниязов қанжығасына байлады. Айтыстың жүлделі орындарын жеңіп алған ақындар қомақты қаржымен марапатталса, айтысқа қатысқан басқа ақындарға 50 мың теңгеден қаржылай ынталандыру сыйлығы табысталды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ШЫҒАНАҚТЫҢ ТОЙЫ – ТАҒЫЛЫМНЫҢ ТОЙЫ

ШЫҒАНАҚ – ДАРА ТҰЛҒА. ШЫҒАНАҚ ШЫҚҚАН ЕҢБЕК ШЫҒЫ – ӨЗ ЕЛІНІҢ ИГІЛІГІНЕ МҰРА БОЛЫП КЕЛЕДІ. БОЛАШАҚТА ДА ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ САЛҒАН ӨРКЕНДІ ІС ҚАНАТЫ КЕҢГЕ ЖАЙЫЛЫП, ҚАЙ УАҚЫТТА БОЛМАСЫН ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН БАҚЫТ БАЯНДЫ БОЛАТЫНЫ БЕЛГІЛІ. ШЫҒАНАҚ АТА – ЕҢБЕКТІҢ ТАМАША ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ. ОСЫ ӨШПЕС ӨНЕГЕСІ МӘҢГІ ӨЗІ ТҰЫП – ӨСКЕН ЕЛІНЕ ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ, АБЫРОЙДЫҢ, ЕЛГЕ ДЕГЕН МАХАББАТТЫҢ НЫШАНЫ.



Даңқты диқан, тарыдан мол өнім алудан дүние жүзінде теңдесі жоқ көрсеткішке ие болып, «Ойылдың ақтарысын» дүниеге танытқан, өлем рекордшысы атанған, ақтарының атасы Шығанақ Берсиевтің өзінің есімімен аталатын ауылдық округтің топырағында, яғни АщыОйыл ауылында 1881 жылы дүниеге келді. Осы жерде ер жетіп, есейді, өзінің еңбек жолын да туған жерінде бастады. Шығанақтың жас шағы мойнына ертерек түскен семья ауырталығын көтеруден басталып, кейін Ойыл-Қобда өңіріндегі байлардың жалшылығына ұласты. Жоқшылық пен тарымшылықтың қурығынан құтылу үшін көршілес қазіргі Атырау облысының, туысқан Қарақалпақ пен Түрікмен жерлерінде де еңбек етті.

Ол алғашқы құрылғаннан-ақ ТОЗға, артельге мүше болып, тек қана бірлікпен атқарған еңбекте ғана адамдардың тұрмысының жақсаратындығын жете түсінді. Сол бір қиын кезеңдердің өзінде адамдардың ұйымдастырылғанын, егіншілікке бой ұрумен қатар, аңшылық, балық аулау сияқты кәсіптерге де көңіл қойып, айналасындағы еңбекшілердің тұрмысын жеңілдету үшін ізденіп қарап жасаған адам. Шықаң өзінің диқаншылық кәсібін біржола ден қойып айналысуын 1924 жылы бастайды. Осы жылы ол, осы күнгі Қарасу ауылының бір топ адамдарының басын қосып, АщыОйылды бөгеіп, осы күнгі Берсиев совхозының еңбекшілері де, бүкіл аудан жұртшылығы да білетін «Бекбаусу» жайылымын жасайды. Қатардағы колхозшы Шығанақтың бұрын кәсіп қылмаса да, егіншілікке үйірленген жер еңдеуге, дақыл өсіруге икемділігін аңғарған ауылдастары, егін суарушылыққа бір ауыздан ұсынады. Ол жыл бойы айдаушы, егін суарушы болып еңбек етеді. Кейінірек колхоз Шығанақтың ұсынысы бойынша мұнай двигателін және су ағызатын темір тұрбалар алады. Жұмысқа тындырмалы, белсенді, тапқыр Шығанақ колхозшылар арасында үлкен беделге ие болды.

1938 жылы кохозшылар оны тары өсіру жөніндегі звеноның жетекшілігіне жоғарылатты. Озық агротехниканы қолдану, жерді суару және жергілікті тыңайтқыштарды пайдаланудың нәтижесінде сол кездегі ең бітім өнім - 3,2 гектар егістің өр гектарынан 25,6 центнерден тары жинады. 1938 жылы осы жоғары көрсеткішке жетуіне байланысты Ш. Берсиев басқа да еңбек озаттары – егіншілермен бірге Москвадағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне барды. Ол астанада басқа өнерлердің тарихымен кездесіп, олардың өнімді қалай көп алатынын сұрап білді, өсімдік жөніндегі ғалымдармен өңгімелесіп пікірлесіп.

1940 жылы Республиканың 20 жылдығы құрметіне еңбек вахтасында тұрған Шығанақ Берсиев 325 гектар суарманың өр гектарынан 125 центнерден тары жинады. Оның бұл еңбек жеңісін Отанымыз жоғары бағалап, оны Ленин орденімен наградтады. Оған дейін ешкім, ешқашан мұндай өнім алып көрген жоқ. Бірде-бір дөңді дақылдан, күріш пен жүгеріден де, осы кезеңге дейін мұндай түсім болмаған болатын.

Осы кезең тарыдан бітім өнім алу жолындағы Берсиевтің қозғалыстың басталу кезеңі болды. 1941 жылдың бас кезінде Алматыда тарыдан бітім өнім алған озаттардың республикалық кеңесі болды. Осы кеңесте Шығанақ Берсиев сөз сөйледі. Кеңестің материалдары сол кезде көп дана болып басылып шықты. Берсиевтің тарыдан жоғары өнім жинау жөніндегі бастамасы бойынша пайда болған қозғалыс тек облыстың колхоздары мен совхоздарында ғана емес, одан тыс жерлерде де кеңінен жайылды.

1941 жылы Ақтөбе облысы бойынша 185 мың гектар жердің өр гектарынан зенондардың 30 мың гектар егістігінің өр гектарынан 120 центнерден өнім алынды.

Осы жылдан бастап Шығанақ Берсиев өзінің шеберлігін арттыра отырып, рекордты көрсеткішке жетті. Ол 1941 жылы өр гектардан 155,8 центнерден тары жинады. Сөйтіп Москвадағы берген үдесін абыроймен орындап шықты. Сол жылы Москвадағы кинодокументалистері «Құрман» совхозының егін даласында болып, тарының орылу барысын түсірді. Бұл хроника және басқа да кино ленталар тарымшылықтың қурығынан құтылу үшін көршілес қазіргі Атырау облысының, туысқан Қарақалпақ пен Түрікмен жерлерінде де еңбек етті.

Қазақстан еңбекшілерінің Ленинград сарбаздарына арналған сыйлығы тиелген ашолонды Москвада облыстық партия комитетінің секретары қабылдады. 1942 жылы Шығанақ Берсиев танк колоннасын құрастыру қорына 20 мың сом қаржы қосты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жолдаған телеграммасында Шығанақ Берсиевтің патриоттық ісі жоғары бағаланып, бұл бастама бүкіл Қазақстан еңбекшілері арасында кеңінен қолдау табады деп нық сенім білдірді.

Табиғат сырын білуге құмар, оның өр құпиясын байқап жүретін білікті, өмірлік тәжірибесі мол жоғары диқан Шығанақ Берсиев тары дақылшының биологиясын өмір дағдысымен мұқият зерттеп, оның түсімділігін жылма-жыл еселеп арттырып отырды. 1942 жылы Шығанақ Берсиев зеносы 40 гектардан 60 гектар үчаскені бөліп, айтысқа күтімге алуды қамтамасыз еткені үшін Шығанақ Берсиев «Социалистік ауылшаруашылығының үздігі» белгісімен наградталды.

1943 жылы Шығанақ Берсиев өміріндегі керемет елеулі кезең болды. Ол осы жылы Ойыл өзенінің бойынан 40 гектар үчаскені тандап алды. Кейін ғалымдар осы жерлерді зерттеп, ол жердің ұзақ жылдар бойы қой отарларының жайылымы болғандықтан, үстіңгі қабаты қойдың қымын жақсы тыңайтылғандығын анықтады.

Тарышылар зеносы тандап алынған үчаскеге қыста қарды барынша қалың тоқтатты. Тұқым ретінде себуге дөңгіл ірілері тандап алынды. Жер 22 см тереңдікке жыртылды, топыраққа тыңайтқыштар енгізілді. Звенно мүшелері үчаскеде жерді суаруға қолайлы атыңдарды Шығанақ Берсиевтің өзінің өңдей құрылған комиссия дақылдың шығымдылығы туралы акт жасау жұмысын аяқтағанда, Шығанақ та, оның звено мүшелері де нақ мұндай табысқа жетеміз деп ойламаған еді. Белек бапталған 4 гектар егінің өр гектарынан 201 центнерден өнім алынды. Осы жылы звено тек қосымша сыйлық ретінде 2900 пұт астық алып, оны түгелдей Совет армиясына көмек көрсету қорына қосты.

(Жалғасы 4 бетте)

Әңгіме

ОЛ КЕЗДЕ БІЗ ЖАЙЛАУДА, БӨЙЖЕДЕ БОЛАТЫНЫБЫЗ. СЕРІЛІКТАУДЫҢ БАСЫНА МАМЫРЛАЙ ШӨККЕН ЖАЗ БҮЛТІ, ІРГЕДЕ СЫЛДЫРАП АҚҚАН БҮЛАҚ, АСПАНДА БАЯҒ ҚАЛҚЫП, ЖЕМ ІЗДЕГЕН ТАҒЫ ҚҰСТАР – МЕНІҢ БАЛАЛЫҚ ӨМІРІМНІҢ МҮНДЫ ДА УМЫТЫЛМАС КАРТИНАСЫ-ТҰҒЫН. ШЕШЕМІЗДІҢ ӨРЕГЕ ЖАЙҒАН ҚҰРТТАРЫН КЕРЖАҒАЛ КЕЗҚҰЙРЫҚ АЛЫП КЕТЕ БЕРЕТІН. КҮН АШЫҚТА ШЫҒЫРАТЫН ДА, СОҢЫ ЖАУЫНҒА ҰЛАСАТЫН. АЛТАЙ ЖАҒЫРЫ БІРДЕ СІБІРЛЕП, БІРДЕ СІРКЕЛЕП ЖАУЫП, КӨКТЕРЕК АСПАНЫ МҮНАРЛЫ МҮНҒА БОЙ ҰСЫНАТЫН.



ХАТ БАРМАЙТЫН ҚЫСТАҚ

Кей шақтары бейқам аспанның көкірегін қара айырып, кенет күн күркіресе, қараша үйде от жағып отырған анамыз «Субханалласын» айтушы еді. Бұл даңқты Алтайдың қаһарлы табиғатына деген біздің ауыл тұрғындарының тотемдік иланьы нем «Найзағай – өке, жаңбыр – ана, себепсізден өлтіре қоймайды» деген аңғал сенім-тұғын.

Шөпке, өгіндікке кеткен балаларын (өкемнің ағалары) ойлап, мазасы қашқан апам да біздің үйге келіп, шешеммен ұзақ сөйлесіп, шай ішетін. Сонау бір қиянқескі соғыста шейіт кеткен Көбеш батырдың мазары сарбаздарымен бірге біз тіккен қоңыр үйдің іргесіне жақын еді. Тастан жиналған үлкен қабіріліктің жоғары жағындағы дөңеске екі үй көрші қонатынбыз. Күректі жақта, әлде Жігербай асуында қытайлармен болған соғыста жағынан оқ тиген батыр бірнеше күн ажалмен арпалысып жатып, қайтыс болған екен. Атамның олар туралы айтқан әңгімелері емес-еміс есімде қалса да, осында бір жақын туысымыз жақпандай, зират басына қорықпай келе беретінмін.

Біздің ауылда жұмбақ күйде есі ауысып кеткен бір қыз бар-тұғын. Түрі қауып-қара, шашын жайып алып, кейде ауыл үйді аралап кететін. Өке-шешесі қой бағатын қарапайым жандар еді. Солармен бір үйде жатпай, іргеде жапырайтып тіккен оңаша қоста ұйықтайтын. Біз оқудан қайтатын жол сол үйдің қасынан өтетін. Тура қасына маңға жеткенде балалар топтасып алып жүретінбіз. Ауылға қара бұйып қаптап кететін жылы кенже інім екеуміз Көбеш батырдың зиратына қауырларпан жиган тастың арасынан бүй теріп, ойнап жүргенбіз. Бармақтай қара бүйірлерді қолымызға шығырлата жинап алып, көрші балаларды қорқыттымыз. Бір ғажабы сол бүйірлер адамды шапқайтын. Қун кешкіріп қалған. Қайдан сап ете түскені белгісіз, қасымызға сол жынданған қыз жетіп келіпті. Қорыққанымнан тура қашуға ыңғайланып едім, інімнің селт ете түрі жоқ. Оны тастап кетуге қимай мен де тұра бердім. Үй жаққа қарасам шешем есім алдында туырдың жамап отыр.

– Ой, келіндер бері, менен қашпаңдар! – деді өлгі қызы. – Тауға отынға кетіп барамын. Үрімжіде оқитын бір жігіт маған алтын сырға алып берді, міне, көріңдер, – деді тағы.

Құлағына қарасам, қойларға тағанын белгі – теңгені тізіп тағып алыпты. Басын ары-бері бұрғанда мыс теңгелер сылдыр-сылдыр етеді. Біз сықылықтай күлдік.

– Ол маған хат жазып тұрады екен. Бірақ, жазған хаттарының бірі де келмейді. Сендер оқудағы ағаларына айтсаңдаршы, сол жеткізіп тұрсын. Бірақ, біздің қыстаққа хат келмейді. Келген де емес. Сендер осында көп құран оқып тұрыңдар. Мұнда жақтан аталар да туыстарын күтеді. Бірақ, ол жаққа да хат бармайды, – деді тас қабірлерді иегімен нұсқап. Сол сөтте жүзі талаурап, екі беті көгеріп кетті. Устамасы ұстап қалған күні осылай долданып, ел кезіп кеткенін еститінім.

– Келіндер мұнда! – деп шақырған шешемнің дауысы естілді. Қолында бір кесек наны бар. Інім екеуімізді етегіне тарта, алыстау тұрлы қызға қолындағы нанды ұсынды. Шешем берген нанды жұлып алған ол, бұрылды да тауға қарай жүгіріп кетті. Содан кейін ол жаққа барып ойнауды сиреттік.

Біздің ауыл не бір хикаялардың, қанды соғыстардың, ұзынсоң әңгімелердің куәсі-тұғын. Бузау жайып жүріп, мойнақ пен асу үстінен қалтамызды толтырып, атылған оқтардың жезін теріп келуші едік. Жаңбыр суынан қарайып кеткен жездерді киізбен ысып жарқыратып алып, асық орнына ойнай беретінбіз.

Көктерек қыстағы жаңбырлы жаздың да, қуаныштық жылдардың да зардабын бірдей тартамын. Кейде шілде туа құтырына жауатын тау жаңбырының соңы селге ұласатын да, мазасыз тұманды күндер аптаға жалғасып кетуші еді.

Үйшік іргесінде ұйықтап жатқанда, төбемізден үрейлі қылыш жарқ ететін. Сол кезде біз қорқыныш құшағында шешейдің отын кіргізіп жүріп су болған етегіне тығылатынбыз. Таудың қара бұлтты аузын көпіршіктен шудалы қара бурдай қақарымен төніп келіп, нәсерін ұйықтықта төккен шақтарда түндікті тіреушітұн шойшақта тіреп қойып, қарағай бұтағы мен ақсөңке аршаны маздата жағушы еді жайлаудағы жұрт.

үрлейтінмін.

– Анашым, ала бузауымды үйге кіргізіп алайыншы, егіздің сыңары еді ғой, – деп өкіс пен қорқыныш аралас үн қаттым.

Анам көнебді. – Өздерің сыймай жатқан қараша үйге жайуанды тықпалап қайтесің? Мал баласы онсыз да жауыннан өлмейді...

Жаным ашитын, желі басында алысып ойнайтын жұбанымшым еді ол бузау. Өйткені, біздің Көктерек қыстағының салтында сиыр егіз туса, біреуін артық санайтын.

Шешем жұлғыш шыққай аяқ киімдерді отқа қақтап қойып, өзі мұңлы жүзбен бықсыған түтіннен көз алмай ұзақ қарап отырды. Оның ұяймы көп еді. Жалғыз сиырымыз селден өте алмай, ары беттен біздің жауын өткен сүрекілей үйімізге қарап мөңіреп тұратын. Жиен атаның түйесі де жартастан құлап өлгеніне көп болмаған. Одан қалса таудағы жараланған адамдар мен қансыраған жаралыларды емдеп, босандырып үлгерсе алмай қалған сөбілер өлімін көре беріп, үйге жабырқау кейіпте оралатын өкемді ойлайтын сол сөтте.

Апам болса көз жасын көрсетпей, мені бауырына баса жатып, сыртта бір деммен сатырлап жауған нәсер дауысын естіп кезіне жас алатын. Өн бойында батылдықтың, денесінде тезек пен қаптын шірік ісі сініп қалған шешем мен апамнан өзгені пана тұтпайтынмын.

Мені құшағына баса жатып, батырлардың даңқы жайында ұзын-сонар өңгіме айтып беретін еді.

– Қорықпаңдар, – дейтін, – күн жауа береді. Найзағай түсе береді. Өкелеңі мына жауында аман келсе болды...

Сүт иісі аңқыған екі қарындасым меніңім алаңсыз ұйқыда жататын. Ел кезде есейіп қалған мен көп нәрсеге сене бермейтінмін. Босағада сүйегілі тұрған, жаңбыр тамшыларынан жүзіне енді қана тат жұса бастаған үлкен балтаға қарап ұнса ой кешетінмін...

Менің сол мейірімді апам, момақан апам Алтай жайлы қаншама хикаялар біледі, қаншама аңыз айтып берді десенші?! Апам айтқан аңыздардың ішінде Алтай орманын шапқан жабайы сауытты батырлар, ормандағы Ана – Ақ қасқыр; Ақ қасқырды емген жалаңаш сөбі; шығыстан ауған Қағандар жайлы аңыздар өлі күнге құлағымның түбінен естіліп тұрғандай болады.

– Соларға ұқсасаң тумағыр! – деді апам сол күні түндікті жауып келіп. Өйткені, ол кезде Алтайдың несері басталған өрі өкем толғатқан әйелді аман босандырып, көңілді келген еді.

Біздің қыстақ алып таулар құшағында үнсіз мүлдіді. Сол тауға шынып, Жігербай асуына өрмелемегелі, сау-сағымыз қына жартастан сарымсақ термегелі қаншама жыл өтіп кетті?!

Саусақ демекші, соны бүгін санайықшы, бір, екі, үш, төрт... отыз жыл!

Ұзап кетіпті ғой. Иә, ұзап кетіпті...

Ұлы мәртебелі оқырмандарым үшін менің айтатыным көп-ақ. Есімге түсе беретіні тағы да сол апам ғой. Ол кісі жиырма бес мың шақырымды шөп шайқаймен басып, жолай кездескен өр қыстақ сайын әйел алып, өз қандасын миллиондап қырып салған Мау Зыдұң жолдас жайлы жақ кірісін ашықсыз келмегенімен, өзіміздің тауларда күні кеше ғана гүмбір кешкен қазақ батырларының ерлігін жыр қылатын. Өйткені, ол өз ұлдарын ғана емес, жалпы қазақ ұлтының ербір жас өскінін далаңы сүюге үндейтін. Тіпті, маған қора қиың тазалауға жәрдемге келген Боқидың Әділіне дейін шай үстінде шағын өңгімелер айта отыратын. Өзі оқ көрмегенімен, мына Ұлы Даланың бастан өткерген барлық қасіреттеріне, аңыздарына қанық болатын. Бейбарыс сұлтан, Сегей бабамыз жайлы, тіпті кешегі өткен Ақбоз атты Сүлеймен мен Оспан батыр жайлы хикаяларды ерінбей баяндайтын.

Күн кешкіре жаңбыр да саябыр тапты. Тау ішінің қараңғылығы тым қою болады. Шешем сол жақ іргедегі кебеже мен ошақ қасындағы шөй үстелге екі жерден білте шам жақты. Тауға қарай жамырай өрлеген балалармен бірге ағаларым да малмандай су болып, мектептен қайтып келді. Кешік асқа қоралана отырдық. Шешем дөмдеп пісірген кеспе кесе салқын ірдеді беріміздің таңдаймызға татып барады. Астан кейін іпе-шала шай ішетін тау қазақтарының өдеті бар. Өрістен қайтқан мал қораланып, лақтар көгенделген соң, бір қалыптан жанған тезектің қып-қысқа жалынына қарап отырып, апамыздың өңгімесін тындаймыз.

«Көтерілістің екінші жылы, – деді апам иегі кемсеңдеп, – ел ағалары

тозған жұртты бастап, моңғолға ауды. Мergen аға мен Сүрмерген атанған қайынағасы болған соң солай атайтын) мен Муса мерген бастаған азаматтар соңымыздан қуған қытай шеріктерінің жолын тосып, Ақбиік асуында қалды. Еміс-еміс естіліп тұрған мылтық дауысы біртіндеп бөсеңдеді. Қанға малтыққан жансар көш ақырын жылжып келеді. Шекараға жақындағанда алдымыздан тосқан моңғол шеріктері оқты жабырша жаудырды. Артта қуғын, алда тосқауыл. Ел ағалары дағдарып, алғашында ақыл таппай қалды. Ақсақалдар жиналып, кеңес құрды да, біздің елдің Зенгісі саналатын Тұқай аға (Тұрдыбек зенгі) бас болып, Шөкер, Шіңгілбай зенгі, молқы Қақшы би қатарлы адамдарды Қалқаға елшілікке жіберді. Бұлғынның жалпағынан өткен арт жақтағы ел де үздік-үздік келіп жатты. Қару ұстауға жарайтын азаматтардың бәрі жандарын белге байлап, қатын-бала, көрі-құртанды, қарағай арасына ірге баса тігілген үйлерді күзетуге аттанды. Моңғолдар жақтан атыс тоқтап, сол жаққа кеткен кісілерден хабар құттік. Ертесі жұрт таңғы шайға отыра бергені сол еді, Нарманты жақтан мылтық дауысы естілді. Қарауылда жүрген жігіттердің бірі «Жау келді, жау!» деп жоғары қарай шауып өтті.

жетеуін азаматтар байлап тастады. Мergen аға мен Сүрмерген атанған аталарын жаудың негізгі шеріктерімен соғысып жатыпты. Балұан қайнаға, Сөйіліп бастаған жиырма жігітті бізді құтқарып алуға жіберіпті. Екі ортадағы хабарға қол-аяғы жылдам, аты жүйірік Самарханды хабаршыға қойыпты да, сол арқылы біздің жайымыздан хабар алып отырыпты. Сәске болмай осында жетіп, бекініп алыпты. Аңғардың екі жағына оннан бөлінген мерген жігіттер бізді күзетіп отырған қытай шеріктерін сырттай екіден-үштен емдепін алыпты. Атысуға белгі берілгенде көзі өткір, мылтығы тузу азаматтар өздері көздеген шеріктерді отырған орнында жер құштырды. Бұл әдісті жауды аңдағанда мерген аға көп қолданады екен.

Кеше кеште жау басқан апақ-сапақта ауру енесін арқалап, үш балсын жетектей қашқан Зағипа жеңгемізді артқы жақты барлауға кеткен Сөйіліптер ертіп келді. Соңымыздан қуған қытай, алдыдан тосқан моңғол шеріктердің оғынан шейіт болғандарды жау келгенше өр қарағай мен самырсынның түбіне аманатқа жерлеген еді. Олардың сүйегін арұлап, жаназалап қайта жерлеуге Нәби молда бас болып, тоғыз азамат аттанды.

Қолға тірі түскен жеті шеріктің бірі ауыр жарақаттан өліп қалды. Көп туы-

сы жау қолынан өлген руы шыбарайғыр Жетей деген жігіт ол кезде жас еді, қалған алтауай ел кезінен тасаға апарып атып тастап, туыс кеіп алмақ болды. Оған ақсақалдар көнебді. Соғыс басталарда Мөселі молданың «Қолға түскен тұтқынды өлтіруге болмайды» деген жарғысы бойынша, оларды тірі қалдырып, етекже түскенше елмен бірге алып жүрді.

Оқтан үркіп, табынған бөлініп, сай-сапада лағып жүрген ат-үйелерімізді жинастырып алдық та, табан аудармай екі көшіп, Бөйткітегі Шіңгіл еліне келіп қосылдық. Сағынсаққан, жыласқан, жоқтасқан, шұрықсақан ел. Бөйткі бойы азан-қазан болды.

Қарағайты бойында басы қайта қосылған елдің қуанышы ұзаққа созылмайды. Соғысқа шығар азаматтардың азғын қамдап, киімдерін жамап, бұлақ басына тігілген үй алдында құрт қайнатып отырғанын. Кенет аспан жарылардай гүрлідеген дауыс шығып, кезқұйрықтай қаптап, жеті сәлемет жетіп келді. Қаруларын қолына алған ер азаматтар аспанға қарата айқыш-ұйқыш оқ атты.

Жақын отырған бірнеше үйдегі қыз-келіншектер қолымызға ілінген балаларымызды алып, тұтаса өскен самырсына қарай жүгіріп, үштен-төрттен бөлініп, біз самырсына шығып алдық. Гүрлідеген пөле төбемізден бір ұшып өтті де, қайта айналы тағы жақындады. Аспаннан ұсықпаған дауыс шығып, іпе-шала төңірегіміз гүрліге толып кетті. Жылғаан бала-шаға үніне атылған мылтық дауысы қосылып, айнала азан-қазан болды да кетті. Бауырыма кірген екі баланы тас құшақтап, басымды күрмеммен жауып алғанмын. Бір кезде ысқырық дауысы дөл төбемізден шықты да, «гүрс» еткен дауыс есімізден тандырды. Маған жақын алып самырсынан отты қою түтін бұрқ етті. Есім кірсіз-шығасылы. Абыр-сабыр жағымдай болған бір әрекетте жан-жағымға қарасам, Несібелі құрбым шыққан болғандар да болды. Бойын толық жасырып үлгірмеген екі келіншекке қатар оқ теіп, бір ошақ басындағы жерге оқтиріп кетіпті. Қарнын оқ ескен ол, ішектері шұбатылған күйі жаңы шықпай біраз жатыпты...

Апам көз жасына ерік берді. Қоздаған тезек отына жылғынған қараша үйді паналаған бес-алпы жән қонырқай сәулге шашқан білтешамға үнсіз телмірудеміз.

«Өлім құрбып, самырсын басынан зорға түсіп. Бір топ жас жігітті қасына ертіген Нәби молда оққа ұшқан шейіттерді сүйегін оңаша үйге қойдырып, жанаша қамына кірісті. Моңғолдарға елшілерді бастап кеткен жігіт тұс ауа оралды. Үсті малмандай су, өңі күлді. Қытай қуғынынан босқан елді паналатып ұшн жансауға сұрап кеткен кісілерді Қалқа шеріктері екі сөзге келмей атып тастапты. Жау қабағынан бір сұмдықты сезіп, сак тұрған бала жігіт атына мініп, қашып үлігіріпті. Тілеп бойына жақындағанда атына оқ тәіп, суға секіріп аман қалыпты да, ағысты бойлай жүзіп отырып жеткен беті осы екен.

Кешке қарай соңымыздан қуған қалын қытай шеріктерінің қоршауында қалдық. Мergen аға бастаған мықты жігіттер тобы үлгіріп келе алмай қалды. Бала-шағаның обалына қалмау үшін шылаушымызды бақанаға байлап, жаудан сауға сұрадық. Жүздері адам жейтін қорқаудай сурланған шеріктер бізді түңделете қуып отырып, Нармантыға қайтарды. Бас көтерер ер азаматтардың бәрі байлауда. Бізді қарауға елу шақты шерік қалды да, өзгесі көтеріле жиналып, асығыс ілгерілеп кетті. Алда не сұмдық боларын болжай алмаймыз. Қарағайлы қаптадан шығып, кең аңғарға келгенде, ұйқысы қанбаған, ас-су ішпеген ел жүруден қалды. Бастықтары болуы керек, бірнешеуі оңаша шығып, күңкіл-күңкіл, біраз сөйлесті. Сәлден кейін шеріктердің ішіндегі жол бастаушы тілмаш ұйғыр бізге демалып, ас ішуді бұйырды.

Екі жағын қарағай мен самырсын қаулай өскен аңғарда ашыққан жұрт қолдан барын жеп, ел-қуат жинаймын дегенше болған жоқ, айналымыздан шарт-түрс атылған мылтық дауысы шықты. Қатын-қалаш, көрілерден қауіп күтпей, мылтықтарын бір-біріне сүйіп қойып, қалып кеткен шеріктерді біз бес-алтауы лезде жер құшты. «Жәнбек, Жәнбек!», «Әруақ, әруақ!» деп айқайлаған дауыстар ішінен бұлау ағаның (атамың ағасы Райхан батырды айтады) дауысын анық таныдым. Зересі ұшып, мылтығын қарманған шеріктердің бірнешеуі ғана оқ шығарып үлігірді. Таудағы соғысқа өбден дағдыланып алған сарбаздар соғысты шай қайнатым уақытта аяқтады. Қырық шақты шерік оққа ұшқан екен, жараланып тірі қалған

«E-SALYQAZAMAT»МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

Көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік кіріс органдарына, ХҚКО-ға бару үшін ғана емес, сонымен қатар кезекте күтуге уақыт жұмсамауға да, объектілерін қорғауға мүмкіндік береді. Елдің кез-келген азаматы тіркелген салық салу объектілерін тексерсе алады, БЖТ төлей алады, көлік салығын, ЖТС, өсімділуді есептеу калькуляторларын пайдалана алады, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар мен және басқа да функциялармен таныса алады. «Салық өмияны» қосымша беті арқылы қарыз сомасын білуге және

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ҮШ КОМПОНЕНТТІ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕ

Үш компонентті интеграцияланған жүйені (ҮИЖ) пайдаланатын кәсіпкерлер үшін Қазақстанда салық жеңілдіктері қолданылады.

ҮИЖ 3 компоненттен тұрады:

1) онлайн бақылау-кассалық машинасы;

2) төлем компоненті (POS-терминал);

3) есепке алу жүйесі (ERP-жүйе). Қазіргі уақытта ҮИЖ тізіліміне 3 модель енгізілді (TrinityжәнеTrinity 1.2, Prosklad.kz). оңайлатылған декларация негізінде арнаулы сомақ режимін қолданатын дара кәсіпкер пайдалану үшін олардың әрқайсысын таңдай алады.

Салық кодексінің 82 және 683-баптарында ҮИЖ пайдаланудың мынадай артықшылықтары көзделген:

- ҮИЖ бойынша өтетін қолма-қолқасшыс айналымдардың (төлем картасымен төлеу) сомасы 114 184 АЕК шегінде ҚҚС бойынша есепке қою үшін айналымға, сондай-ақ 70 048 АЕК шегінде оңайлатылған декларация негізінде АСР қолдану үшін кіріс сомасына қосылмайды;

- ҮИЖ-де салықтық есепке алу модулі бар, онда тауарлардың қозғалысы, сондай-ақ салық есептілігін, оның ішінде жалдамалы қызметкерлердің жалақысы бойынша қалыптастыруға мүмкіндік беретін элементтер көрсетіледі.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

АКТӨБЕЛІК КІТАПХАНАШЫЛАР ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ ТӘСІЛДЕРІМЕН БӨЛІСТІ

Ақтөбе облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен ағымдағы жылдың қазан айында «Жемқорлық – қоғам дерті, алдын алу – ел міндеті» атты эссе байқауы ұйымдастырылған болатын.

Шығармашылық байқау өңірдегі кітапхана қызметкерлеріне арналып, 11 қараша күні «Антикор орталығында» жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өткізілді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған байқау кітапхана қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға шараларына белсене атсалысуға ынталандыруға, қоғам арасында адалдық, парасаттылық қағидаларын дәріптеуге байланысты тың идеяларды жинақтауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастырудағы әдебиеттің рөлін арттыруға бағытталған.

«Департаментіміз қоғам арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру жұмыстарына ерекше ден қояды. Бұл бағыттағы негізгі өріптестеріміздің қатарында – облыстық кітапханалар бар. Кітапхана – білім мен тарихиен, тарих пен мәдени құндылықтардың қоймасы. Осы орайда барлық облыстық кітапханаларда «Парасат жолы» орталықтары ашылған

Ақтөбе облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет

АКТИОБНИНСКИЕ БИБЛИОТЕКАРИ ПОДЕЛИЛИСЬ СПОСОБАМИ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ

Антикоррупционной службой по Актобинской области в октябре текущего года проведен конкурс эссе «Коррупция – болезнь общества, ее профилактика – наша общая задача».

Творческий конкурс проводился среди работников библиотек региона. 11 ноября в сервисном центре «Антикор орталығы» состоялась торжественная церемония награждения победителей.

По словам организаторов, данный конкурс направлен на стимулирование работников библиотек к активному участию в антикоррупционных мероприятиях, обмене опытом, идеями, связанных с популяризацией принципов добропорядочности и честности в обществе, повышении роли литературы в формировании антикоррупционной культуры.

«Департамент уделяет особое внимание формированию антикоррупционной культуры среди населения. В числе наших основных партнеров в данном направлении – областные библиотеки. Библиотека – это кладь знаний и культурных ценностей. В связи с этим во всех областных библиотеках были открыты центры «Парасат жолы», сейчас ведется активная работа. Наш конкурс проведен среди сотрудников

Антикоррупционная служба Актобинской области

жеке тұлғалардың мүлік салығын, жер салығын және көлік құралдары салығын төлеуге болады.

Электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе СМС хабарламаны аныған кодты пайдалана отырып, жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде мемлекеттік кіріс органдарына активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (Сен 250.00) жіберуге болады. Мұны істеу оңай, өйткені интерфейс қолдану оңай, ал декларацияда «сұрақ-жауап» түрінде жеңілдетілген формат бар.

«ESalyqAzamat

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ҮШ КОМПОНЕНТТІ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕ

ҮИЖ бойынша негізгі ережелер «үш компонентті интеграцияланған жүйеге және оны есепке алуға қойылатын талаптарды, оны орнату мен қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 953 бұйрығымен реттелді.

Есепке алу үшін ҮИЖ қолданар алдында пайдаланушы оны өзінің орналасқан жері бойынша ҚР ҚМ аумақтағы МКБ-да тіркеуге міндетті. Ол үшін сапықтық қамтамасыз ету қажет: өтініш (нысан 02.09.2019 ж. № 953 бұйрыққа қоса берілген);

өтінішке қосымша (егер объектілер біреуден көп болса); ҮИЖ техникалық құжаттамасы; ҮИЖ өндірушінің паспорты; онлайн-БКМ тіркеу карточкасы; ҮИЖ пайдалану құқығын растайтын құжат (сатып алу немесе жалға алу шарты); ҮИЖ моделінің талаптарға сәйкес келетінін және ҮИЖ бірінші тізіліміне енгізілгенін растайтын ҮИЖ иесінің қорытындысы.

ҮИЖ тіркеу салық төлеушінің кабинеті арқылы жүргізіледі. Осылайша, ҮИЖ пайдалану кезінде табыс ұлғайған кезде кәсіпкерлерде АСР бойынша шектердің ықтималсыз кетуі

ШӘЙГӨЗДЕ ҚҰЛЫН КІСІНЕЙДІ

РЕКВУЕМ-ЭССЕ

Шәйгөз үйрлі жылқы ғана сыйса сиды, сыймаса қалғаны Қарой мен Қызылқорғанның жусанды даласына қарай жайылып кететін шағын құм төбелі ойпаң. Өткен ғасырдың алпыс бірінші жылының күзінде сол ойпаңда той болды. Той деймін-ау, қайдағы той ...

Сол күн қандай ыстық еді?! Сол түн қандай мөлдір еді?! Сол күнгі дастархан қаымымен күні бойы жүгіріп, тыным таппаған жеңешемнің жүзіндегі қуанышты жүрегіме жиып алып, еміренумен келе жатқанымыз өмірі жасыра алмаспаның, сіре! “Құрттайым оқуға түсіп келді” деп, қуанышы қойнына симай, ойпаңдағы оншақты киіз үйді түгел аралап, сүйіншілеген жеңешемнің мамықтай қалқыған бейнесі бүгінге дейін көз алдымда.

“Құрттай!” Ол жеңешемнің маған келін болып түскенде қойған аты. Өлі бір гүлі астағанда қыздың ағамның соңына ерген төрт інісін азан шақырып қойған атымен емес, Шырақ, Ортаншым, Төрежан, Құрттай деп бірден еркелете бауырына тартып, солай атағанда жүзінде ойнап шыға келетін нұр неткен ғажап еді?! Мұндайда махаббат жайын қозғап жатудың қажеті жоқ, ағам деген құрметінің тілінде емес, жүрегінде жүретінін сезіну жетіп жатыр.

Ағам Жоныс та, жеңешем Қымбат та өрімдей, он жетінің балауса бөліне енді ғана бет алған шағы. Үшқыннан жалын ататын, жас отауда өмір шатығын шайқайтатын-ақ кез еді. Сураудың өзі артық-ау, өйтпесе қазір осылай тебіренер ме едім. Жө... Менен үлкендерді Шырақ, Ортаншым, Төрежан деп әуелі, әуезді есімдермен атағанда, жеңем маған келгенде “тарылды” да қалды. Әуелі: “Кенжем” деп ат қойған екен, ананың қатарлары өзілдеп: “Немене, қырық бірге келді, енді енем бала таппайды деп тұрмысың, ол өлі талайын дүниеге екеледі” дей берген соң, “Құрттай” деп атап, құнжытты да қойды. Кейін есейіп, бала-шағалы болып, жігіт ағасы атанған кезде: “Қымбат-ау, өлі құрттайым ба, мына жолдастарымнан ұят болды ғой, басқа ат қойсайшы” деймін жөңгемді әдейі сөйлеткім келіп. “Құрттай-ау, сен мен үшін өлі құрттайсың ғой” деп еркелете күлімсірейтін. Сол бір уыз сөздің астарында өйел затының мәуелі бәйтеректің көлеңкесінде жайлы, ерлердің бойында кездеспейтін мүлдем некіз, мүлдем құпия таңғажайып сыр жатқанын, мен кейін, есейгенде, өсіресе жеңешем қайтыс болып, сағындыра бастаған шақта толқып еске алатын болдым. Жө, бірді айтып, бірге кетіп қалдың. Шәйгөздегі той ...

Сол күн қандай ыстық еді?! Иә, “Құрттайым оқуға түсіп келді” деп, қуанышы қойнына симай, ойпаңдағы оншақты киіз үйді түгел аралап, сүйіншілеген жеңешемнің мамықтай қалқыған бейнесі көз алдымда көлбеп қағарды. Күн жапыр түр. Көлеңкедегі бұзаудың самарқау мекенінен, күн астында, кермеде ұмыт қалған құлынның тыпырши кісінегені, құдық басындағы астауға бастары симай тіскесен, тебіскен жылқылардың тұяқ сартылы естіледі. Құдықтан су тартып үлгере алмай жанталасқан, орамалының астынан дудырай қашқан шашында шаруасы жоқ, қауғаға жанталаса ұмытпаған талдырмыш бойжеткеннің жүзінен ашы тер сорғалайды. Оншақты үйдің мұндайға еті үйреніп кеткен отызшақты өйел-еркегі жеңешемнің дастарханы айналасында у да ду, бірінші қуанышын екінші біреу іліп алып, баяғы аңқылдақ көңілмен ақтарыла өзіндесуге сылтау табылғанына мөз.

Кіміміне де, үй жиназдарына да, дастархан бұйымдарына да кір жолатпайтын ... апырай, қабағын шытып, біреуге бір ғайбат сөз айтқанын естімептің, жеңешемнің дайындаған тағамдары, қалай түсінсесің, олай түсініңіз, ерекше дәмді болатын, ал қазы сақтауының аңыздай айтылатынына күә іздеудің өзі артық. Мына жаһанданудың “қара жаңбырынан” кейін жауыннан соң қаптап шығатын сансырау-құлақ сияқты жасанды зиялылық темір шілтердей тоқыла жайылған заманда жеңешемнің жаңағы өмірі өзгермей өткен, сарыла іздеп, сағына жүрек шымырлатытын көдімгі қарапайым, бірақ таң шығындай мөлдір мінезі сол туған жердің ауасында, Шәйгөз аспанында қазір де қалықтап тұрған сияқты. Көңілім сол жаққа алып ұшады. Елге барсам, Шәйгөздің ыстық топырағына табанымды күйдірмей көңілім басылмайды. Шәйгөздің қара жолы ата-баба қорымына жетелей жөнеледі.

Өмір – ертегі, тыңдай бергің келеді. Ертегі кейіпкерсіз боята, сол кейіпкерлердің бірі жеңешем сияқты адами уыз сезімді некіз бойына жинай алған адамдарсыз таңғажайып тартылыс қасиетінен жұрдай болар еді. Қазір ойлап отырсам, бетімнен отым шығады. Жеті жасар кезім-ау деймін, есімде жоқ, жеңешемнің бір сөзі жаныма ауыр тиді де, жұмыста отырған ағам ботадай боздап жетіп, шағымдандым. Ағам ауылдық кеңестің хатшысы болатын, жұмысын тастай салып, қолымнан жетелеп үйге келді де, өй-жоқ, шәй-жоқ, “балаға неге тіп тигізесің” деп бөлме сыпырып жүрген жеңешемнің бетінен шалапақпен тартып жібергені. Сол сөтте, неге екені қайдам, бойымды рахаттану сезімі емес, алғаш рет тәніме тікендей қадалған жайсыз күй билеп, тітіркеніп кеттім. Сүйек туберкулёзіне шалдыққан өкем, іргедегі көлеңкеге төсек салдырып,

демалып жатқан-ды: “Әй, бала, кел мында” деді. Даусындағы ызғардан, жәй шақыру емес, шолжаң қылығымның сыбағасын алатынымды сезіп, жолай қоймадым. Өлі күнге таңғалам, өкем ісік кеулеп, иліктерімейтін оң аяғын сүйретіп, белдеуде байлаулы тұрған атқа мініп алыпты. Қолында шыбыртқы, қабақтары түйіліп кеткен. Ендігісі белгілі. Бұлталақтап, қалай қашсам да, құтқармайды. Шыбыртқысын аяусыз-ақ сілтеді. Шынында да, аяудың қажеті жоқ еді.

Құрметті еңбек демалысына Парламент Мәжілісі Аппаратынан шықтым. Ұжым шағын мәжіліс залында еңбек демалысына құрметпен шығарып салды. Қоштасу соңында маған сөз берді. Парламенттің еліміздегі ең жоғары үш билік органының бірі екені белгілі. Тиісінше, талап та, қолдау да түсінген адамға сол деңгейде, менің де аппаратқа іренші білдіруімнің еш жөні жоқ. Бірақ, сөзімді: “Өмірімде қызметіме сөгіс ең алғаш және соңғы рет Парламент қабырғасында берілді” деп бастадым. Жиналған қырықшақты адам тына қалды, кім біледі: “Мына кісі көтеріңде өкесін айтпақшы ма?” деген ой келді ме?! Аппараттың Редакциялау және аударма бөлімінде сектор меңгерушісі болып істейтінім. Үкіметтің салалық ведомстволарында талай қолдан өтіп, сүзгіде сүзілген заң жобалары депутаттардың талқылауына қабылдану үшін алдымен Парламент Мәжілісінің тиісті бөлімдерінде тағы да қаралатын. Қатесі болса, түзету үшін кері қайтарылатын. Заң жобаларының мемлекеттік тілдегі нұсқасының аудармасы мен басқарушы секторда тіркеліп, аударма сапасы тексерілетін, содан кейін редакция меңгерушісінің қарауына берілетін. Сондай тәртіппен Сыртқы істер министрлігінен келген бір халықаралық келісім шарттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын оқу кезінде “депортация” (елден қуу, жер аудару) мен «денонсация» (келісімді бұзу, күшін жою) деген сөздердің орындары ауыстырыла аударылғанын байқамаппын. Құдайың көзі оң екен, оны Сенаттағы жігітте байқап қалды. Ал, мен Аппарат басшысы И.Қасымовтың қабылдауынд сілкілеуден өтіп, ауызша сөгіс алғанмын. Мен үшін, басқалар үшін де солай болар деп ойлаймын, өйткені Парламент қасиетті шаңырақ, тек сол қасиетті танып, мойындай білу керек. Сол қоштасу сөтінде өкемің жөн етімді тілгілеген шыбыртқысы есімге түсіп, “Мен сол шыбыртқысы өлі күнге дейін сағынамын. Сол сияқты Парламент қабырғасында алғаш сол сөгісті де кейін сағынатыныма көміп сенімдімін” дедім. Біреуге жағынып, біреудің жасанды ықыласына бөлену кімге керек, бұл – имандай шыным. Әке шыбыртқысы біреуге жалған жала жабуудың рухани кесел екендігін алғаш рет өмірі ұмытпастай етіп осылай есімде қалдырып еді, жеңешемнің сондағы үнсіз төккен көз жасы оған деген махаббатымның ең алғашқы сөтіндегі өлі күнге жанымды өлжіретеді.

Өкемінен он бір жасымыда, анжамнан жиырма бір жасымыда қалған, жастық шағымның ең алаулы күндерін ағаларым мен жеңгелерімнің құшағында өткізген маған, өсіресе жеңгелерімнің орны белек. Ағаларым өткір пышақты жүзіндегі де, жеңгелерім сол пышақтың сабындай, кесіп түсер кезде қорғап қалатын қалқандай еді. “Өмір – туралған ай”. Аталарымыз қалай тауып айтқан! Әсіресе, жақсы көретін адамыңнан аяқ астынан айрылып қалсаң, ай ғана туралмайды түнекке жүзін бұрған күн де қараң қалғандай түнеріп кетеді екен. Қымбат аяқ астынан өкпе ауруымен ауырып, облыс орталығына өкелгенде, бес қабаты үйдің төртінші қабатында тұрамын, қарсылығына қарамай, қос қолыма жатықызып, көтеріп шығардым. Токтының салмағындай ғана салмақ қалпыты, аз уақытта дерт өбден мендеп алған. Денесін таза ұстап, таза тамақтанатын жеңешемнің дерті қабырғамызды қайыстырып жіберді. Өрине, тезірек жемілісе екен дейміз, қасында жиірек болып, көзепімізді көбірек тигізуге тырысамыз. Құдай қарасын, дерттің беті бері қарай бастады. Жеңешемнің жүзіне көдімгідей қан жүгіріп, оңалып қалды. Оңала бастағаны бар болсын, ол енді біз күтпеген мінез шығарды. “Құрттай, жазылдым ғой, үйге барайын, ағаң жалғыз, ер адам тамағын да дұрыс пісіріп іше алмайды ғой” деп қарап тұр. Өкпе ауруының созылмалы ауру екенін және алғашқы ауырғанда ұзақ емделу қажеттігін білмейді емес, өзі де жақсы біледі. Бізді қойшы, дөрігер де күн шағын құлағына құярдай-ақ құйып келеді.

Өйел затын түсіну қиын. Әсіресе, от басының қызығы үшін өз басының қызығын құрбан ете алатын некіз жаратылыстың осы қасиетін қалай бағалау керек?! Байлашы, отбасының бақыты осы қасиеттен тұтанып, өмір ғажайыбына айналатын сияқты көрінеді. Оны “өйел – отбасының ұйтқысы” деп онан сайын қыздыра түсеміз. Бөрі де дұрыс. Алайда, “күзсіз махаббаттың” рауақи құдыреті мен трагедиясы қатар жүретінін, өсіресе некіз жүректілер ескере бермейді. Өкіндік, өтіндік, амал не, жеңешем де осы аурудан сау емес екен, “ағаң жалғыз, ер адам тамағын дұрыс пісіріп іше алмайды ғой” деген сарыннан таймай қойды. Ағамның да, біздің де, дөрігердің де айтқан ақыл-кеңестері құлағына кірмеді. Шынында да, ол көдімгідей өңі кіріп, ширғандай еді. Бірақ, аурудың табиғатын түсінген адамға көңіл жұбатпауға өлге болатын. Ақыры, үш айдай емделген жеңешем, “көрдің ғой құлантаза айыққанымды, енді мені көп мазалама” деп біз оны емес, ол бізді жұбатқандай, бұнақ-түйнегін ағыл-ғұпыл жинастырып, ауылға тайып тұрды. Біраз жыл көңіл орнына түскендей болғанмен, жалған дүние – алдамшы, ақыры сол ауру жеңешемді алып тынды.

1978 жылдың 8 сәуірі. Елден қаралы хабар жетті. Ұлы Болат пен келіні Айжамал Ақтөбе

педагогикалық институтында, физика-математика факультетінің төртінші курсында оқитын.Тез жиналып жолға шықтық.

Сәуірдің қабағы ашылмай, қар алас жаңбыры бүркіп жауып, жердің миын шығарып жіберген. Қарға адым жер мұң. Қайғыға қайғы қосылып, жақын адамымызбен қоштаса алмай қаламыз ба деген ой миымызға шегедей қадалады. Бар болғаны үш жүз шақырым жерлей қашықтықтамыз. Төрткүл дүниені билеген кеңестік құдыреттің сол құдыреті бізге келгенде жарылған шардың ауасындай ұшады да кетеді, өуе қатынасынан да, темір жол қатынасынан да кесіліп, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда соның қызығын еркін көре алмай, өзімен-өзі томағатұйық жатқан туған жеріміздің проблемасын бұрын қақсап айтқанымыз түк емес екен, қақсаудың көкесін тал сол екі мұздем төрт болып, жолға қараған сағаттарда көрдік. Іргеде тұрып, ең жақын адамыңа топырақ сала алмау не деген сұмдық?! Ақтөбеде Ойылға тура шығу мүлдем мүмкін емес, не болғанмен Шұбарқұдық арқылы айналып, бірден қылу керек. Шұбарқұдыққа жеттік, енді Ойылға дейін өлі жүз елу шақырым, оның өржағындағы тоқсан шақырымды ойлап та тұрған жоқпыз.

Қазір мен сол азаматты ерекше құрметпен жиі-жиі есіме аламын. Ол – Нұрқожа Орынбасаров, Темір аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Не туыстығымыз, не басқалай жақындығымыз жоқ, бірақ түйіққа тірелген соң аудан басшысы ғой, бір көмегі болар деп Нұрекеннің қабылдауына кіргенмін. Алды сүй сияқты көрінгенмен, жүрегі жылы адам екен, ойланып қалды, “жер мұздем езіліп кетті ғой, дегенмен абыржымаңыздар, бірдеңе қылармыз” деп жұбатты. Содан соң, телефон тұтқасын көтеріп, өлдебіреумен сөйлесті: “Ауданда сенің Уазиіңнен сенімді көлік жоқ, алдымда бір азамат отыр. Сенің жерлесің, Ойылға жеткізу керек” деді. Әр жатқан, шамасы, онша қанағаттанардай жауап берілді-ау деймін, хатшы тұрбаны орнына көмбісіздеу қойып:

– Тұрарды, Тұрар Шерияздановты танитын ба едіңіз?– деп сурады.

– Танымын, қазір Сіздерде ауданның бас дәрігері болып істейтін болуы керек. –дедім. – Иә, бас дәрігер болуы істейді. Сіз қазір Тұрарға барыңыз, сөлденсоң мен де сонда барамын, –деді.

Түрекен жылы қабылдағанмен, бірден көмектесуден ат-тонын ала қашты. Сол арада, бірінші хатшы да кіріп бөлмеге.

– Тұрар, ақырмазанды төндіре берме, сенің Уазиіңің жаңа, сенімді. Шөпірің шаршаса шаршар, мынадай жағдайда жасамаған азаматтығың қай кезде жасайды. Сөзді қой, маңнанды өзгірлет, –деп хатшы бұйыра сөйлеп еді, Тұрар:

– Ойбай-ау, Нұреке-ау, мынадай ылайсаң-да, ылайсаң емес-ау, тоң жібіп, үстінен жаңбыр құйып, белден батпақ қалады ғой, –деп азар да безер болды.

Нұрекеннің қабағы түйіліп кетті. Ойланғы, біраз үнсіз тұрды да, мойнын бұрып:

– Көлік ұйымдастырамыз, қайда боласыз-дар, арттарыңдан жібертіреміз, –деді. Адресімді естіді де, сол түйілген күйі, үндеместен шығып кетті. Тұрардың қазар-безер” болуының да жөні бар, өрине, дегенмен проблема шешудің жолын іздеген өтінуші жақтың «төуекелі» өкінішті аяқталуы мүмкін екендігін тыңдаушы жақ та, өтінуші жақ та сезеді. Сондықтан, өңгіме ұзаққа бармады.

Хабар келді. Көлік бөлініпті. Көлік болғанда қандай, ер доңғалағы адамның бойындай алты доңғалақты алып жұқмашинасы және біреу емес, екеу. Бірінші хатшы оған тиелетін жүкті де таптырған, «арба да сынайы, өгіз де өлмейі», қиын істің қиюын тапқан хатшыға «рахметімізді» жаудырып, жолға шықтық.

Екінші проблемға Ойылға жеткенде тап болды. Өдетте, мінезі жуас, көктемнің өзінде кемерінен асып таси қоймайтын өзен бұл жолы көдімгідей көпіршіп, жағалауға кең жайылмаса да, арнасында алқына ағып жатыр екен. Ескі ағаш көпір су астында, ер жер өр жерден тірегі остылып көрінеді. Ескегі келіскен қайық та жоқ, өйткені момақан өзенге оның қажеті де шамалы. Тек осындайда болмаса ... өйтеуір ескі қайық табылып, бірен-саран жанкешті жолашушылар сонымен арыбетке өтіп жатыр екен, соларға ілесіпін біз де аяғымызды арғыжағалауға іліктірік-ау.

Уақыт өтіп, ұрпақ жанаруда. Өмір заңдылығы. Уақыт өткен сайын, артыңа көбірек қарап, көзден кеткенмен, көңілден кетпейтін аяулы адамдарыңды сағынып, іштей іздейді екенсің, ол да өмір заңдылығы. Шөйгөзге апаратын қаражол сол сағынышты сезімді іліп алып, санамда өкем, анам, ағаларым мен жеңешем жатқан құмтөбеге қарай ирелендей, созылып барады. Өшпейді. Өшіртім келмейді. Өйткені, сол сөттерде, өзімді мына дүниенің ешқашан қартаймайтын сөбіи сияқты сезінемін. Сол сезіммен ұйқылы ояу, есеніргенен күйде жүре бергім келеді де тұрады. Ол, сіре, жастық шақтың ешқашан ұмытылмайтын құдыретінен шығар. “Құрттайым оқуға түсіп келді” деп, қуанышты қойнына симай, ойпаңдағы оншақты киіз үйді түгел аралап, сүйіншілеген жеңешемнің мамықтай қалқыған бейнесі бүгінге дейін көз алдымнан кетпейді. Желіде ұмыт қалып, енесін іздеген, ешқашан бесті шықпайтын, санамда сол құлдарың-даған күйінде мәңгіге таңбаланып қалған құлынның сағыншы сезімімен ойнап кісінегенін қазір де естіп тұрмын. Құлынның кісінеуі жастық сезімімді оятқан қоңыраудай бойымды балқытып барады, шамасы сол үн арқылы қарттықтан алыстай түскен төріздімін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ ТУРАЛЫ

Мемлекеттік рәміздер - бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі, тәуелсіз мемлекеттің егемендігі мен еркіндігінің бейнесі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші бейнесін білдіреді.

Техникалық реттеу және метрология комитеті ҚР Мемлекеттік рәміздеріне қойылатын талаптарды белгілейтін ұлттық стандарттарды өзгірледі.

ҚР Ұлттық стандарттарында белгіленген мемлекеттік рәміздерге қойылатын талаптар «ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес міндетті болып табылады.

Қазақстанда бес жыл бойы қолда-ныстағы ҚР СТ 989-2008 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Нысаны, мөлшері және техникалық талаптары» қайта қаралды, себебі Мемлекеттік Елтаңбаның техникалық параметрлері мен түстік орындалуын бақылауға қатысты кемшіліктер анықталды.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасы-ның 2015 жылғы 14 тамыздағы № 158-НҚ бұйрығымен ҚР СТ 989-2014 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар» бекітілді және қолданысқа енгізілді.

ҚР СТ 989-2008 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Нысан, өлшемдер және техникалық талаптар» 2017 жылғы 1 шілдеден бастап күшін жойып, ҚР СТ 989-2014 «ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар» туралы қолданысқа енгізілді.

Жаңа стандартқа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының өндірісін жақсартуға мүмкіндік берген мынадай өзгерістер енгізілді:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының түспен орындалуына қойылатын талаптар қайта қаралды.

Өлшемдер мен түстерге төзімділік енгізілді, бұл белгілі бір қателікпен өлшеуді шығаруға мүмкіндік береді, өйткені өлшемі бойынша мүлдем бірдей өнімдер жасау мүмкін емес. Мемлекеттік Елтаңба авторы өндірушілердің ұсыныстарын ескере отырып, оның нәтижелері бойынша конструкторлық сызыбаларды қайта қарады:

- Мемлекеттік Елтаңбаның барлық элементтері нақтыланды;
- элементтерді модельдеу үшін барлық қажетті өлшемдер келтірілген;
- 2008 жылғы редакциясында болмаған барлық қажетті құрамдас элементтердің атаулары келтірілген;
- 4. Бақылаудың (сынаудың) стандартталған өдістері енгізілді, бұл өндірісті белгіленген параметрлер мен талаптар бойынша бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ даулы жағдайларда стандартқа сәйкестігін бір мөнді Растауды жүргізуге мүмкіндік береді.
- 5. Келіпдікті пайдалану мерзімі енгізілді, ол кемінде 3 жылдық құрайды, бұл өндірушілерді салпы анім шығаруға міндеттейді.

Мемлекеттік Елтаңбаны таңбалау «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және

оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» ҚР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 1-бабына өзгеріс енгізіліп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында бейнеленген «ҚАЗАҚСТАН» жазуы латын графикасында «QAZAQSTAN» жазуына ауыстырылып, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық талаптар» ұлттық стандартына №1 өзгеріс 2018 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енді.

Аталғандардың негізінде «Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы» ведомстволық бұйрыққа барлық мемлекеттік органдарда «QAZAQSTAN» деген жазуы бар елтанбалар үшін 2022 жылғы 1 қантарға дейін өтпелі кезеңді белгілеу бөлігінде өзге-рікстер енгізілді.

Осылайша, Мемлекеттік Елтаңбасындағы «ҚАЗАҚСТАН» сөзі латын графикасында «QAZAQSTAN» болып стандарттың барлық мәтіні бойынша енгізілді.

Аталғандардың негізінде, брлық мемлекеттік органдарда орналастырылған Мемлекеттік Елтаңбаларды «QAZAQSTAN» деген жазуы бар ел-танбаларға жоарлы түрде ауыстыру үшін дайындалған және орналыстырылған елтаңбаларға 2022 жылғы 1 қантарға дейін өтпелі кезеңді белгілеу бөлігінде «Стандарттаудың кейбір мәселелері туралы» ведомстволық бұйрыққа тиісті түзетулер енгізілді.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 Конституциялық Заңы 11-баптың 4-тармағы Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органы лицензияттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензияда көрсетілген шарттарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады, ал 12-бапқа сәйкес жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің тиісті өкілшілік-аумақтық бірліктің аумағында пайдаланылуын (тігіліпін, орналастырылуын) бақылауды жүзеге асырарға деп көрсетілген.

Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін мемлекеттік рәміздерді пайдаланғаны үшін ҚР ӨҚБТК сәйкес айыппұл түріндегі өкімшілік жауапкер-шілік қарастырылған.

ҚР ӨҚБТК-нің 418-бабының 1-бөлігіне сәйкес ұлттық стандарт талаптарына сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау:

- жеке тұлғаларға – жиырма бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс бес, үлгі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

Ахметбек ӘЛНІЯЗОВ,
Ақтөбе облысы бойынша техникалық реттеу және метрология комитеті департаментінің бас маманы.

О ГОСУДАРСТВЕННЫХ СИМВОЛАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Государственные символы – это одна из неизблемых основ нашего государства, нашего суверенитета, являются олицетворением суверенитета и свободы независимого государства. Они выражают священный объединяющий образ Независимости.

Комитетом технического регулирования и метрологии МИР РК были разработаны национальные стандарты, устанавливающие требования к Государственным символам РК.

Требования, установленные в национальных стандартах РК к Государственным символам, являются обязательными в соответствии с Конституционным Законом РК «О государственных символах РК».

Действующий в Казахстане на протяжении пяти лет национальный стандарт СТ РК 989-2008 «Государственный Герб Республики Казахстан. Форма, размеры и технические требования» пересмотрен, так как были выявлены недочеты относительно контроля технических параметров и цветового исполнения Государственного Герба.

В связи с этим, утверждён и введён в действие Приказом Председателя комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан № 158-од от 14 августа 2015 года национальный стандарт СТ РК 989-2014 «Государственный Герб Республики Казахстан. Технические условия».

Действие национального стандарта СТ РК 989-2008 «Государственный Герб Республики Казахстан. Форма, размеры и технические требования» отменены с 1 июля 2017 года и вступили в силу СТ РК 989-2014 «Государственный герб РК. Технические условия».

В новый стандарт, включены следующие изменения, которые позволили улучшить производство Государственного Герба Республики Казахстан:

1. Пересмотрены требования к цветовому исполнению Государственного Герба Республики Казахстан.
2. Введены допуски размеров и цвета, что позволяет изготавливать изделия с определенной погрешностью, так как, невозможно изготовить абсолютно идентичные по размерам изделия.
3. Автором Государственного Герба с учетом предложений производителей было пересмотрены конструкторские чертежи по результатам которой:
 - проведена детализация всех элементов Государственного Герба;
 - приведены все необходимые размеры для моделирования элементов;
 - приведены наименования всех необходимых составных элементов, которые отсутствовали в редакции 2008 года.
4. Введены стандартизированные методы контроля (испытания), что позволяет осуществлять контроль производства по установленным параметрам и требованиям, а также проводить однозначное подтверждение соответствия стандарту в спорных случаях.
5. Введен гарантийный срок эксплуатации, который составляет не менее 3 лет, что обязат производителю производить качественную продукцию.

ШЫҒАНАҚТЫҢ ТОЙЫ – ТАҒЫЛЫМНЫҢ ТОЙЫ

Өлемдегі теңдесі жоқ өнім алғаны үшін Шығанаққа ауыл шаруашылығы Академиясынан құттықтау телеграмма келді. 1943 жылы Шығанақ Берсиев тарыдан ең жоғары көрсеткішке жетіп, дүниежүзілік рекорд жасағанда Одақ көлемінде тексеру комиссиясы ұйымдастырылды. Бұл комиссияның мақсаты осы рекордты өнімнің анық-

бойында күш-қайраты, жігері мол болатын. Ол осы жылы тағы да Москва қаласында болып, егіншілік жөніндегі ірі ғалымдармен пікір алысты. Осы сапарында ол өз учаскесіндегі әр гектар жерден 240 центнерден өнім жинау үшін күресетіндігі жайлы пікір айтқан болатын. Шығанақ Берсиев бұл пікірді өз өмірінің бүкіл тәжіри-

Шығанақ Берсиевтің өзі өлгенімен оның ісі, жарқын еңбегі ұмытылған жоқ. Халқымыз өзінің асыл да, ауялы ұлын өрқашанда қошеметпен еске алып қастерлейді. Республикамызда оның есіміндегі бірнеше көшелер бар. Ақтөбе қаласы мен Шығанақтың өзі туған жерінде ескерткіштер орнатылған. Ауыл орталығындағы орта мек-

Шығанақтың еңбегін рухани байлыққа айналдырған шаралар мен өңімелер ешқашан артық етпейді. Шығанақ есімі мен өнегесі - қазақ халқы үшін диқанның қасиетті еңбегінің тозбас өнегесіне, қарапайым еңбек адамының халықтық идеялына айналды. Осы өнеге, осы идеал – мөңгілік. Шығанақ өнегесі, өсіресе, қазақ ұлты тәуелсіз ел болып, әлемдегі озық елдермен терезесі тең болып отырған кезде бұрынғыдан да қымбат, қастерлі өнегеге, ұлттық идеялына айналды. Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты мақаласында көрсетілген таяу жылдардағы белгіленген міндеттер мен берілген нақты тапсырмаларды жүзеге асыру, «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласының «Ұлы есімдер» жобасы аясында Ш.Берсиевтің өмірі мен еңбегін кеңінен танытуды көздеген шарада ақ тарының атасы Ш.Берсиевтің 140 жылдық мерейтойын атап өтудің ғылыми тұрғыдан маңыздылығын арттыруға мән беріліп отыр. Жас ұрпақтың санасына ақ тарының атасы Ш.Берсиев туралы терең мағлұмат сіңіріп, тарихи есімдерімізді қастерлеуге баулу, туған жердің тарихын түгендеу, құнды жәдігерлерімізді қамқорлыққа алу, тұлғаларымызды тану және олардың есімдерін жаңғырту – бұл конференцияның басты мақсаты.



қанығына жету болатын. Осы комиссияның құрамында Саратов ауыл-шаруашылық институтының профессоры В.Романов болды. В.Романовтың өзі де тарышы, селекционер-ғалым, тарының «Скороспелое-66» деген тұқымын шығарған, тары жөніндегі көптеген кітаптардың авторы, Одаққа белгілі ғалым. Осы тексеру барысы туралы В. Романов былай дейді: - Мен де және басқа да кейбір комиссия мүшелері гектарынан 201 центнерден тары өнімі алынды дегенде сенген жоқпыз. Себебі, Шығанақ Берсиев еш нәрсе оқымаған,

бөсіне сүйене отырып айтқан еді. Оның зеносы 1939 жылы көлемі 32 гектар тары егісінен орта есеппен 25,3 центнерден өнім алса, ал 1940 жылы осы жерден 87,5 центнерден, оның ішінде арнайы бақылауға алған 3,2 гектардан 125 центнерден тары алды. Ал 1942 жылы 40 гектар тары алқабынан әр гектарынан орта есеппен 105 центнерден, 6 гектарынан 175 центнерден өнім жиналса, 1943 жылы рекордтық өнім 4 гектар жердің әр гектарынан 201 центнерден өнім жинады.

тепте Шығанақ Берсиевтің атында. Дала академияның ерлік еңбегі бір қатар ақын-жыршыларымыздың жырлары мен өлеңдерінің арқауы болды. Атақты қазақ Совет жазушысы Ф. Мұстафин «Шығанақ» атты көлемді шығарма жазды. Неміс ақыны Бертольд Брехт «Тары туралы» поэмасында Шығанақ Берсиевтің ерлік еңбегін жырлады. Халық шебері жайлы жазушы Г.Фиш «Болмасты болдырған адам» деген тамаша очерк жазды.



қара танымайтын адам. Оның үстіне тарының кейбір биологиялық қасиеттері де ондай мол өнім беруге көнбейтін терізі. Ол кезде Американың кейбір жерлерінде тары 100 центнерге дейін өнім беретін. Біздер үшін сол өнім ең жоғары болып есептелетін. Сондықтан Москваға арнайы шақырылған американдық бір ғалым біздің комиссияға мыше болып енгізілді. Бұл сапардағы СССР Ауылшаруашылық Министрлігінің мақсаты Шығанақ Берсиевтің рекордты өнімін дүниеге жария ету еді. Атақты диқанның ауылына келе сала іске шұғыл кірісіп кеттік. Біріншіден жер көлемін өлшеп алдық. Онан соң сол звеноға бекітілген жердегі тарының өнімділігін анықтадық. Өнімділікті екі түрлі жолмен анықтадық: бірінші – биологиялық, екінші бір гектар жердегі тарыны таразыға тарту арқылы. Өнім рекордты екен, дәл шықты. Міне осындай тексеруден кейін Шығанақ Берсиевтің даңқы бүкіл дүниежүзіне мәлім болды. Советтік агротехника ғылымына және социалистік егіншілік практикасына үлкен үлес қосқаны, агротехниканың озық үлгісін жасап шығарғаны селекциялық жақсарту жолмен жоғары өнімді. «Ойылдық ақ тарының» шығарған үшін 1944 жылы 15 қаңтарда Шығанақ Берсиевке СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Правда» газетінің 1944 жылы сәуір айындағы бір санында даңқты Тары өсіруші «Дала академия» өзінің жұмыс тәжірибесі туралы: «Біз тұқымды қолмен іріктеп алдық. Бұл өте қиын көп еңбекті қажет етеді, дегенмен біздің осындай егін өсіруімізді сол қамтамасыз етеді». Егер әдетте мың түйір 5 гр салмақ тартса, біз бір мың данасы 7-8-9 гр салмақ тартатын тұқымды іріктеп алдық.

Шығанақ Берсиевтің мол тәжірибесі

кеңінен қолдау тауып, оның ізбасарлары сол кездің өзінде-ақ көптеп шыға бастады. Шығанақ Берсиевтің шәкірттері мен ізбасарлары Зауре Баймолдина, Әзиза Бектенова, Өксикбай Әшімбаев, Қашқын Соқыров, Қойлыбай Белеусов және тағы басқалар гектарынан 60-160 центнерден өнім алды. Тарыдан осындай жоғары өнімдер алу Республикамызда бұл дақылдың зор мүмкіншіліктері бар екендігін айқын дәлелдеп берді. Қарапайым халықтың ең ортасынан шығып, өзінің аса зор еңбекорлығымен, ізденістігімен, өмір тәжірибесін пайдалана білумен «Дала академия» атанған Шығанақтың ой

Бұл біздің бұған дейінгі даңқты диқан Шығанақ туралы өртүрлі ақпарат құралдары арқылы естіген, оқыған деректеріміз. Қырықтың қырақасына шыққан Шығанақтың алдында ел басына зобалаң болған ашаршылықта ауылына аман алып қалу мақсаты тұрды. Совет Үкіметі жазған рекорд туралы тіпті де ойланған жоқ. Бірақ, уақыт ағымына ілеспекке амалы тағы жоқ еді.

Халық тәмсілі «Бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» - дейді. Ал, Шығанақ ата «Тарының бақа емес, бақша шығатынын» айтып қана қойған жоқ. Ісімен дәлелдеді. Ал, Кеңес Одағы тарыны стратегиялық дақыл санады. Ол рас. Оны Шықақтың өркетінен де көруге болады. Ел үдере көшкенде көміп кеткен тарысын кейін бірнеше жылдан соң тауып алып егіп, елін аштықтан құтқарды...

Бүгін Ұлы Жібек жолында орналасқан, тарихи тұмса, сырын қойнауына бүккен, гасырдан асып жеткен үні бар киелі Көкжар жерінде, қасиетті Ойыл өңірінде атакты тарышы Шығанақ Берсиевтің 140 жылдығына арналған «Ақ тарының атасы - Шығанақ» атты өңірлік танымдық конференция өтті. Рас, ұлы диқанға арналған мерекелік шара кеше басталды. Ұйымдастырушылар ат шаптырып, ас та, тек той өткізуге тырысқан жоқ. Бүгінгі буын ой түйетін, кейінгілерге ой салатын танымдық шаралар өтті. Сондықтан да бүгінгі конференция жұмысына арнайы қонақ ретінде Шығанақ ата ұрпақтары, облыс аумағында тұрып жатқан жерлес ақсақалдарымыз бен түрлі қызметтерде жүрген атқамінер азаматтарымыз шақырылды және де тыңдаушы



Бұл өңіштігі мол, аса жоғары дөңдер еді. Біз егінді суарған кезде мынадай өрежені қатаң сақтадық: суды аздан, бірақ жиірек жіберу және біріден барлық егістікі суармай, ол тең берілген болуы үшін «клеткалар» бойынша суаруды жүзеге асырдық. Таңертең және кешке суардық. Егістікке бірде-бір түйір арам шөп қалдырмағанымызды айтудың қажеті жоқ» - деп жаздырды.

1944 жылы Шығанақ Берсиевтің өміріндегі елеулі кезең болды. Ол осы жылы, жасының ұлғайғандығына қарамастан партия мүшелігіне қабылданды. 63 жасқа шықса да, оның арманы орасан зор еді. Бірақ мейірімсіз ажал даңқты тарышының мезгілсіз алып кетті. «Социалистическое земледелие» газетінде бұрынғы көшпелі қазақтың баласы, қарапайым шаруаның қайтыс болуына байланысты еліміздің ірі ғалымдары қол қойған некролог шықты. Онда былай деп жазылды: «Шығанақ Берсиев тарыдан бітік өнім алу жөніндегі өзінің шеберлігін терең ғылыми – зерттеу мен практика арасындағы айырмашылықты жоюға дейін жетілдірді. Ол социалистік егіншілік шаруашылығын бағалы тәжірибемен байытты».

рөтінде мекеме басшылары, мектеп директорлары, тарихшы оқытушылар, жастар қатынасты. Театрландырылған көрініспен басталған конференция жұмысын ашқан Ойыл ауданының өкімі Асқар Қазыбаев та өз құттықтауында тойдан тобықтай түйін тұю үшін осындай танымдық, тағылымдық шаралар ұйымдастырылып отырғанын баса айтты.

Шығанақ – елдің еңбек тарихындағы ұлы тұлға. Шығанақ тақырыбына жазылған деректі және көркем шығармалар бар. Бірақ, атақты диқан

тарға «Ойыл ауданына 100 жыл» мерекелік медальмен табыстап, иықтарына шапан жапты. Ауыл шаруашылығы саласының еңбек ардагері Елубай Қалиев ағамыздың омырауына «Ойыл ауданының құрметті азаматы» төсбелгісін тақты. P.S. Конференция барысында аудандық мәдениет үйінің фойесінде аудан қолөнер шеберлерінің туындылары мен арнаулы бұйымдар көрмесі ұйымдастырылды. Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.

ЖЕРЛЕСІМІЗДІҢ ТОЙҒА ТARTУЫ – ТӨРТ АДАМҒА ТЕГІН ОТА!



Ойыл жұртшылығы үшін биылғы жыл айтулы жыл болып отыр. Биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен қатар ауданымыздың 100 жылдығы мен ерен еңбегімен ел-жұртқа есімі мәшһүр болған ақ тарының атасы Шығанақ Берсиевтің 140 жылдығы кең ауқымда тойлануда. Осы орайда, ауданымыздың құрметті азаматы, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің нөмірі екінші хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі, профессор, медицина ғылымдарының докторы, жерлесіміз Базылбек Жакиев атаулы шараға қонақ болып келді.

сүйспеншілігі мен туған жер алдындағы борышын халық денсаулығын жақсартуға арнап, 4 тұрғынға жоспарлы ота жасады. 2 науқасқа лапаротомия холецистэктомия (диагноз өт тас ауруы, созылмалы тасты холецистит), 1 науқасқа сол жақты гемитиреоидэктомия (диагноз сол жақты диффузды түйінді жемсау) бойынша деструктивті өдіспен жасалған ота сөтті өтті. Отаға аурухана бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев, хирург дәрігер Бағдат Нұрдаулетұлы, хирург дәрігер Дәулет Салин, хирург Қаныш Атағалиевтар қатысты.

«Қолы жеңіл» жүрегі мейірімге толы жерлесіміз өз туған жеріне деген

Гаухар АЛЕКСЕЕВА.

АУДАНДЫҚ ЖАРЫС ТА - АТАМЫЗҒА АРНАЛДЫ



Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында, ақ тарының атасы Шығанақ Берсиевтің 140 жылдық мерейтойына орай жастар арасында волейболдан аудан біріншілігі өткізіліп, 8 команда қатысты. Волейболдан жастар арасындағы жарыстың өткізілуіне Ойыл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі түрткі болды. Аталған бөлімнің басшысы Бақберген Мұхамбетқалимен арнайы тілдесу барысында ол: «Шығанақ Берсиев атамның еңбектің адамы екені көпке мәлім. Оның аты мен еңбек жолы барша ойылдықтар үшін үлкен мәртебе. Сондықтан дүние жүзіне танымал диқанның 140 жылдық мерейтойын атап өту, оны спортшылар арасында да дәріптеу артық етпейді», - дейді.

Толығырақ тарқатса, жастар арасындағы волейбол жарысы көктемде кептің игілігіне берілген жаңа спорт көшпелі турнир болды. Жаңа кешеннің спорт залы Шығанақ Берсиевтің 140 жылдығы мерейтойында жаңқуыерлер мен волейболшылардың қызу үнімен жаңғырды. Жарыс кезінде тиянақты шабуыл жасалып, сауатты қорғаныс көрсеткен ойыншылар өр ұпай үшін жанталасып, командасының жеңісі жолында аянып қалмады. Жарық, жылы-жылы, тап-таза, өр кең спорт залда волейболшылардың ойынды тартысты өткізуіне ешқандай кедергі болмады. Жастар арасындағы волейбол жарысында қароайлықтардың қадамы қуантады. Бұрын бұл ауылда кенже қалған спорт түрін жандандыруға жастардың ынтысы жоғары екені байқалды. Сондай-ақ сарбиеліктер де алға қарай бір қадам серпіле сайысты. Қызу тартыста өткен жарыстың нәтижесінде, үшінші орынды Қароай жастары иеленсе, екінші орынды Қаратал ауылдық округінің жастары еншіледі. Ал, Ойыл жастары аталған аудан біріншілігінің жеңімпаздары атанды. Жеңімпаз команда мен жүлдегерлерге кубок пен мақтау қағаздары табысталды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Ойыл ауданының тұрғындары! Ағымдағы жылдың 22-24 қараша күндері Ойыл ауылында кешенді оқу-жаттық өткізіледі! Оқу-жаттық барысына сабыр сақтап, түсіністік танытуларыңызға сұраймыз!

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ДЕ ВАКЦИНА САЛЫНАДЫ

Үстіміздегі жылдың 10-айында, аудан көлемінде 340 адам COVID-19 ауруымен ауырған немесе ауырғандардың 30,8 пайызын құрап, 105 бала ауырып шықты, оның ішінде 28 бала 0-5 жас аралығы, 77-бала 14-жасқа дейінгілер, сонымен қатар 18 жүкті әйел стационарлық ем қабылдап шықты.

16-жастан жоғары жасөспірімдер вакцина қабылдайды деп хоспарланған. Одан кейінгі кезек төменгі жастағы балаларды. Бала вакцина қабылдас бұрын, ата-ана баласына өз ықтиярымен екпе салдыратыны туралы келісімге қол қоюы керек. Бұл жүкті әйелдерге де қатысты. Аяғы ауыр әйелдер (жүктіліктің 16-37 аптасы аралығы) екпе қабылдайды. Алғашқы үш айда екпе қабылдауға болмайды. Егер әйел жүкті екенін білмей вакцина алса, толық курсты екінші және үшінші триместрде қабылдауға болады. Бұл үшін алдын ала талдау нәтижелерін тапсырудың қажеті жоқ.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына сай, елімізде 12 жастағы балаларды және 18-жасқа дейінгі 42-күн өткен аналарды Pfizer «Cominaty» вакцинасымен егу өдістемелік ұсынымдары бекітілді. Осыған орай қараша айының ортасында ауданға Pfizer вакцинасының 3000 дозасы жеткізілді.

Pfizercominaty препаратымен вакцинациялау екі кезеңде жүргізіледі. Вакцинацияның екінші компоненті алғашқы егуді алғаннан кейін 21 немесе 28 күннен соң алынады. Екпені білікті мобильді бригадалар жүргізеді.

Денсаулық сақтау министрлігі балаларды вакцинациялау туралы шешім қабылдап отыр. Өйткені кейінгі кезде коронавирус індетін жұқтырып ауырған балғындар саны көбейуде. Балалардан көбіне індет симптомдары байқалмайды. Бұл қарт кісілер мен жүкті әйелдер үшін үлкен қауіп. Алдымен

F.ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

«Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ұжымы мектеп қызметкері Құбышев Нұрбекке аяулы анасының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық ауруханасының ұжымы және кәсіподақ ұйымы, Ойыл аудандық ауруханасының кіші қызметкері Ташпеннова Камшатқа және отбасына ардақты ағасы Ерболаттың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.